

## 2011 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 2 наурыздағы N 243 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 30 наурызда N 14-11-167 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы N 139 хатымен

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімінің 2012.01.13 N 139 хатымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20-бабына сәйкес, аудан әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. 2011 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұсынатын ұйымдардың тізбесі , жұмыстардың түрлері мен көлемдері, қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

2. Қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтардың еңбекақысы айына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері көлемінде бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С . А у е с х а н о в қ а жүктелсін .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

*М.Мырзабаев*

А у д а н

ә к і м д і г і н і н

2011 жылғы

2

наурыздағы

№

243

қаулысына қосымша

**2011 жылы қоғамдық жұмыстарды ұсынатын ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері және қаржыландыру көздері**

--	--	--	--	--	--

Р/с	Ұйымдардың тізбесі	Адам саны	Жұмыстың түрлері	Қаржыландыру көзі
1	Қала, поселке, ауыл, ауылдық округтері әкімдерінің аппараты	5 6 4	Көркейту, көгалдандыру, аймақтарды тазалау және мұрағатқа тапсырылатын құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту, тарату	Аудандық бюджет
2	Сарыағаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі	6	Қарулы күштер қатарына шақыру бойынша тұрғындармен жұмыс, шақыру қағазын жеткізу	Аудандық бюджет
		570		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК